

ДУЛАТ ТҮРАНТЕГІ

ҚАЙРАҢ ҚАРТАРЫМ...



Дулат Тұрантегі

ҚАРТТАРҒЫМ

(Дастан-диалог. Өлеңдер.)



«Жібек жолы» баспасы
ШЫМКЕНТ - 1997

==«Жібек жолы» кітапханасы==

Пупат *Тұрантегі* *
Қайран қарттарым...

(Дастан-диалог. Өлеңдер.)

*“Жібек жолы” баспасы,
Шымкент шаһары, 1997 жыл, 32 бет*

Редакторы:
Әсет ӨССАНДИ

ISBN **5-8380-0731 - 1**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ

№ .

«Жібек жолы» баспасы

ҚАЙРАН ҚАРТТАРЫМ, ЖАЗУЛЫ ТҰРҒАН ХАТТАРЫМ

(Дастан-диалог)

**«...Заманатымен ант етемін, Иман
айтқан, жаңсы а мал дар жасаған, бірін-бірі
шындыққа шақырғандардан басңаның бар/
сөз ж он, зиян тартады»**

(Құран Кәрім, Ғасыр сүресі, екінді шақ)

**«...Ініге үлгі-өнеге болам десең,
Алдыңғы қарап үйрен қарияларға»**

(халық өлеңі)

О, Қария қарттарым, шежіре-тарихым,
Сырларың дария, от-жалын-санамды қаритын.
Ауылдың иесі, киесі әр үйдің,
Елгезек шала ұйқым, бұзылған таң ұйқың.

Сендермен сырлассам деп едім,
Немере, шөпшек боп, ең жақын танитын.
«Сен» деймін, кешірім өтінем!
«Сізіңнің» сызы бар.
Немере көргеннің артында ізі бар!
Алдында қанша әлі

Татар дәм-тұзы бар!
Осыпай елжіреп, шүйіркелессек бір
Әр кім-ақ **қызығар.** >>

Рас, сенің шерің көп,
Кетесің дес бермей,
Төске өрлей!
Жаста да өзіндік ой бар деп, ескермей,
Сөзіңді бөлгенді қош көрмей.
Әңгіме таңсық па қазаққа?!
Шынымды айтам деп, сырыңды айтарсың.

Сұрайын дегенім:

— Көрілік бақыт па, мазақ па?
Өттең-деп, өтті-ау-деп,
Басыңды шайқарсың.
Осы дүниенің өзінде-ақ **көрдім** деп
Жұмақ та, **дозақ** та!

~ Біздерді өліммен қорқытпа,
Жанымыз жатты анау өзі отта.
Өліп те көргенбіз
Бірақта әлі ерте деп,
Әзірейіл қайтарған өзі артқа.
Ал, **сендер:** дүние көрінер ыстық деп,
Көріні апарма, әжуә, **мазаққа.**
Көрілік дегенің не өзі? дедің-ау,
Көп күткен бақыт па, үміт пе,
Жақындап, жақындап **ыстыққа**
Жалп еткен көбелек түсетін өзі **отқа!**
Өмірің - жол азап, **ойымды** етті алаң,
Ай жүріп, жыл жүріп, жете алмас атты адам,
Әлемнің жартысын жаяулап таптаған
Болғанша ақтабан.

— Оралған сан кешіп отты аман
Майдангер атам деп, мен бүгін **мақтанам!**
Керексіз, елеусіз өтпеді бір күнің
Қып-қызыл **жағалы, қағылмай** кірпігің.
Біразың күзеттің **масақты,** шошайып **мылтығың,**

Тіксініп, тісіндей түрпінің.
Әрбірің секілді бір қылы
Сталин **мұртының**.
Әжетке жарадың әрбірің
Дегенде бір қол боп **сайлаңдар**,
Немесе, біріңнің **қолыңды** біреуің байлаңдар,
Халықтың жауы боп, санға да толуга жарадың
Дегенде Сібірге айдаңдар!
Темірдей тәртіпті жақтадың
Біріңе біреуің куә боп
Біріңнің етіңді біреуің дегенде шайнаңдар!
Бәрі өтті... уәжіп деп,
Сендерде жазық жоқ,
«Өтті-ау, дүние осылай» үранды.
Ал, бүгін бәрі де секілді **күмәнді**,
Ойласа түбіне ой жетпей,
«Ә, қойшы» — деп, **қойған** бар.
Сонда да сұрайын:
«Түбінде тоқтам не,
Өмірде қандай байлам **бар?»**
Осының бәрі де, басқан жол, өткен із,
Сынайтын кім едің — деп мені сөкпеңіз.
Рас, жастардың көбісі шалағай,
Тұтана алмаған шаладай,
Сендердің ширегің **болуға** жарамай,
Атадан батпан кем туса да
Жол келгіш, болғыш-ақ жолы оңай.
Қосқа жегілмей, **қолтығы** сөгілмей,
Шалдығып, діңкелеп жүргені қарадай.
Өйткені бұларды өсірген ерке **ғып**,
Бригадир сабамай.
Демек, үлкен бір өзгеріс!
Емес **бұл сөзталас**, сөзкеріс!
Сарылып жатпайық деп: «мынау — оң,
бұл — теріс».
Қарама суықтау қабақпен **тоң-теріс**.

«Қысқаша курспен» айтқанда сіздерше:
Бұл деген сапалық өзгеріс!
Демек, «Кіші қазан» **болмаса** да
Шөміштен **қағылған** төңкеріс!
Сол үшін өткенге — салауат!
Сол үшін, ага **ұрпақ**, бата бер,
Адасып кетпесін **ұрпағың**
Кезігіп жол теріс!

...**Көктемнің құйылар** жаз бен **қыс** арнасын,
Қыс өтіп, басталар жаңа өмір жалғасы.
Қас-қағым сәттерді **«біттің»** деп шегелеп,
Жатады **уақыттың** балғасы! /
Ғұмырды жылдарға үрлатқан
Бітпейді **тағдырдың** ит **өші**.
Ойларды арқалап зіл батпан,
Заманның сендерсің **жұқарған** жүйкесі.

Көп **жылдар** өмірден енші алған
Осы ма кәрілік!
Бір кезде **шалқыған** кең жалған
Келе ме **қушиып**, тарылып?
Ендігі күндерде мақсат не?
Күту ме сарылып,
Бойыңда барыңның бәрінен **арылып**,
Таусылып бар үміт
Осы ма жеткен бұл кәрілік?

— Бар өмір теңіздің жағасында,
Бала соққан құм **қала құлағандай**.
Ине боп **қадалғандай** санасына,
Тықтап әлдекімдер **сұрағандай**.
Кешесің сондай сәтті **тылсым кейде**,
Керексің кімге, неге жүрсің дей ме?

Кім едің, енді қазір кімсің? — дей ме,
Жауап таппай **оңаша** сан **ойланып**,
Бейбағың өз-өзінен **күрсінбей** ме?
Жо-оқ! Ағайын, құр басты **күйіттесең**,
Уайым дейтін бір **сағыз** бар.
Кеткендей болады ылғи **бір** итте есең,
Бар дүние секілді өнбеген қарыздар.
Бақ, дәулет кімге опа? Ой — жегің
Сол ма еді арттырар сыйыңды?
Түптің түбінде емес пе ол көйлегің
Шешіп бір тастайтын үйінді?
О дүние, қызығың басылмай
Аяғың **жетпеген** қиырды
Қиял ғып кездік-ау!
Ендігі білгенім: қарыз боп **шашылмай**
Тас түйін, **жинақы** отырар кез **мынау**.

Сенімің — **сау** басқа сақина,
Дейді енді үмітің алдамшы.
Бар ғұмыр бір күнге тағи ма,
Қасықтың басындай жүрекке
Тамса егер бал **тамшы?**

Өткенді сөкпеңдер кермек **деп**,
Тарихты күйістеп жақсы ғой қайтарған.
Жан досым дзотқа кеткенде **еңбектеп**,
Не күйде болдым мен? **Әлі** де айта алман.
Бақыт не, уақыт не?
Кім кедей — сол шешен,
Ол кезде өлшем де **өзге-тін**.
Дән риза, бір қадақ **өлшесең**,
Ал қазір бір қабың қораштау **көзге** тым.

Ол кездің метрі **ұзындау**,
Қызылы сияқты қызылдау.
Бір ғана **ұрласаң** ұсталдың,

Болмайтын жүз үрлау.
Ол кезде **құбыла** Мекке емес, өзге-тін,
Қалмайтын сөз жетім.
Қиыны түндерде ұстатқан,
Айнадан көре сап, өзіңді өз бетің.

Сонда да дән риза **бақытқа**
Көңілдер жүргендей **тоқ** жарап,
Аймандай ғалым да дән риза **уақытқа**,
Қойшы да **құмдағы** көк жалақ
Отырған тон жамап.
Білімнің көптігі **күшті** емес **уствадан**,
Не керек бір басқа **сонша** бақ?
Азамат сол **тұғын** жауларды **ұстатқан**
Қызына сөйлейтін,
Тілімен алғандай шоқ жалап.

Қадірін кетірмей,
Тең ұстап тұрғандай болатын безбені.

Дұрысы солай боп көрінген,
Тәртіпке үйретсең балаңды қатты үйрет.
Бар істің қазысы окопта берілген

•Болатын партбилет.

Көсемнің атынан кезде осы
Не жайсаң азамат жазықсыз кеткен-ді
Құрбан боп.

Сол істің басында жүргенбіз өзді-өзі
Сталин қасында тұрған жоқ.

Иә, бұл менің өткенім, баяғым,
Ақталып, бұлтаңдап малтамды езбеймін.
Қайтсең де сол өмірбаяным,
Өткеннен безбеймін.

Откеннің тіреуі.

Төрінде киесі әр үйдің,

Батагей тілеуі.

Шешіліп сыр шертсең

Санамды қаритын,

Ұмытқың **келмейді** жылдарды

Мейірі қанбаған, бұзылған **таң: ұйқың.**

— Ал, сұра!

Кемпірдің ерніндей

Ептейсіз от **үрген,**

Түйедей үріккен көпірден

Қорең бір сиырдай желінін сырғызып

Шарбақтан секірген,

Былырғы қодірең **сұрақтар**

Әбден мезі етті!

Жазушы шырақтар,

Мақтауға сүйреме газетті.

Бояумен өң беріп **ажарға,**

Сөйтем деп **іліккен** назарға

Ауылға өлеңмен хат жаздық.
Жаралар жазылып,
Шыққанда еркінді **ап**,
Паекқа қарамай сол күнгі
Майдандас достарды — ең қымбат
Іздейсің адасқан полкінді.

Серілік — әу бастан серілік
(Бұл сөзді **жүрмеңдер** кері ұғып).
Көргенім қиындық, соғыс деп
Өткеннен жүргем жоқ жерініп.
Біздер де еңсені көтерген **шақ** болған,
Жауымыз шегініп.
Бұл жақта ата жоқ, ауыл **жоқ**,
Іш тартқам (таныр тек) жерлес деп,
Бүкіл полк **кетеді** бауыр боп.
Бөлімшең -- ең жақын теңдес жоқ,
Ауылдар **құмдағы** жатты **алыс**.
Ұғындық бауыр деп, бәрі ел деп,
Майдандар біз үшін **мақтаныш**.
— Қайдансың?
-- Курск! Орёл! деп.
— Сен қайдан?
— 1-ші Белорус!
— 1-ші Украин!
— Үшінші!
— **О**, ермін де!
-- Зеңбірек оқтаймыз қолдармен тарамыс!
— Бауырга **қыстық**, ал **сау** бол!
— **Көргенше** Берлинде!
Майдангер сөйлессең **қартпенен**
Ойнама отпенен.
Сталин жайында сақ сөйле әрдайым,
Қылжаққа жүрмейді ондайың.
Тигендей ең жанды жеріне
Шықсаң тек жамандап,

Төбелес ашуға дап-дайын,
Кепкінің қайырып маңдайын.
.. Онан соң ашуын жусатып, қасылап'
Жатқызып күржиген жалды айқын.
Еске алып кетеді жылдарын жасырақ
Тағы да соғысты жалғайтын...

— Қолбасшы біз үшін құдай-ды!
Құдайдан емес-ті **былай-ды!**
«Бір қадам шегінбе» дегенде
Сол жерде **өлсе** де шыдайды.
Айтқан сөз — атқан оқ!
Бұйрықтар — жүзіндей қылыштың.
Ешкім де жүрген жоқ сүйрелеп ноқта боп,
Қу жаның садаға жолына ұлы істің!
Ең қиын сәттерде өлімге бас тіккен
Тұл бойың **ширығып**, қорқыныш тасты үккен.
Жаныңа жалау боп, сүйенген қолтығың
Ең жақын адам боп, демеуші — сол **тұғын**.
— Сталин үшін! Отан үшін! Ура-а-а! — деп,
Жүгірген шақтарда окоптан **тұра** кеп,
Бар **құйқаң** шымырлап, **тұл бойың** дір етті.
Өзіңді **сезініп** жолбарыс жүректі,
Ұмтылдық тек алға, тек алға!
Ал, алда: от жалау ішінде
Қол бастап жүргенін көресің
Әлгі үлкен кісің де!
Иә, солай! Біреулер **құлайтын**,
Өлем-ау деп жыламай
Ере алмай жылайтын,
Туымыз **құлаған** жоқ па деп сұрайтын!
Ал, қазір мұндайды **көрмеген**, сезбеген
Адам **көп** оны да сынайтын.
Сынасаң, сынаңдар — болса егер кінә **айқын**,
Ал біз үшін **елінің** еңсесін **түсірмей**,
Тас түйін ширатып **тұрғаны** ұнайтын.

-- Жуков ше?

— О, ол **бөлек!** Ол **бөлек!**

Жап-жалпақ стратегияны еткен **соң** дөңгелек,
Майданды бастауга дегенде сол келед.

(Жауыз Гитлерге сол керек!)

Шабуыл басталып кетеді **демде ерек.**

Дарыны тым күшті,

Қарымы тым ерек соншалық.

Ақсүйек генералдар әп-сәтте-ақ

Бақшадай қалатын **қоршалып.**

Бір тайпа әскері сығылып қалатын,

Үсталған **балықтай** тор салып.

Ал, біздер -- **солдаттар** өрекіп,

Қырық бес шақырым жол жүрсек

Көрініп ол аздау

Жуковпен **ілесіп келгендей** бір екпін

Онымен бір болсақ,

Болгандай батылдау,

Болгандай **қораздау**

Өзгеге шекеден қарайтын **жай** бар-тын!

Ол деген

Мақтаныш! Айбар-тын!

Ал мен болсам көзге, аса

Жасадым демеймін **өте** ерлік.

Алланың **қарызы** болмаса

Солдаттың қарызын әйтеуір... өтедік.

Айтылып талай сөз

Отырдық едәуір...

— Сырқат деп естіп ек, **қалайсыз?**

— Е,.. тәуір.

Көрі **қой** жасымдай жас **қалды,**

Білмеймін басқаңды.

Ал, өзім жүрсем де заманым өтті деп,

(О жағын **хақ білед**)

Ахаба суындай сарқыншақ,
Баладай талпыншақ
Өмірдің ақыры сезілген тәттірек.

— Е бәсе! Жүрген жай уайымсыз,
Жасымай **қарағым,**

қанағат демендер тойымсыз
Әттең бар өмір өтпеді-ау, осылай!

Кей-кейде ұялам **өртеніп,**
Сен мұны абайлап біліп пе ең?
Бұл күнде балада **байқасаң,**
Балалық қылық кем.

Біздерде жоқ **қайғы,**
Ал, мынау ұрпағым...

Шолжыңға жатпайды

Дөлбе би, жыртағың.

Әркімнің өз кейпі бары анық —

Осы жаи ои салды —

Балаға — балалық,

Көріге, **байсалдық** жарасар,

Кім бұған таласар?

Ал, өмір ол — көңіл!

Көңіл болмаса — өмірің өмір ме?

Ал, көңіл **өмірсіз** тағы жоқ!

Құр көңіл, бір өзі — тек қиял, елірме!

Соғыстар қанқұйлы — өмір **үшін!**
Несібең қаңғиды — өмір **үшін!**
Сол **үшін** жан беріп, жан **алдық,**
Қашаннан тайталас — өмір үшін!
Тілерім — келер ғасырың
Жалғассын бақытты өмір боп.
Адам табиғатында
Жаралған — патша ақылға
Тірлікте — момын боп.

менде де!

— Растан ба?

— **Дәлел** гып бір атты.

Мен де аттым... аспанға.

Сөйтті де шашылған табытты

Нұсқады көзімен

Мұндайда тіл не керек?

Бәрі де **белгілі** өз-өзінен.

— Онан соң?

— Онан **соң...тағы** да **топалаң,**

Бұғындық минадан

Солайша кез жаздық ол менен, мен одан.

— Мұндағы мен айтар **пәлсапам...**

Дей бердім — **мұндағы...**

(Кенеттен)

Мәссаган! (басыма бір салды
сүлгімен қолдағы)

he-he! Неміс құрлы да болмадың

Біздерді шегінді деме құр.

Неғылған пәлсәпа? Ол — **мәлім!**

Тепе-тең тұрғанда

Жеңетін тек Өмір!

Керістік! Келістік!

— Енді ешкім білмесін, ;

— **Білмейді**, біреуміз бірдеңе демесек.

— Әйтпесе қуекеш балдыздар, құрдастар

Таратып жіберер не түрлі қауесет.

Сонан соң салды айқай:

— Қайсың бар?

Қайтадан шай демдеп бер, келін.

Деймісің, «мына бір шал қандай?»

Жақсы ма, жаман ба — осы гой көргенім

Бұл күнде аздаған түяқ пен
Бір атым — ермегім.
Бәрі бар, **ұл-қызың, ұл-қыздай**
Әйтсе де ырзығы қуалап, тұрғызбай
Әкеткен мойынын **бұрғызбай.**
Баланың жоғы — айып,
Кей күні осылай мұңайып,
Кей күні үркер жұлдыздай
Тоғысып жатамыз, айымыз тоғайып.
Кей **шақта-екеуден** екеуміз
Біріміз қаусаған кейуана, бірі **шал**
Сонда да селдір — селкеуміз
Бір -- қаңбақ, бірі — сал.

Тосычнан сол үшін
Бастап та жібере жаздаймыз
Совет — Герман соғысын.
Тауыққа дән себу қиямет қиын бір,
Аңдысқан шал жақтан шаңдатар құйындар.
— Сен өйтіп, шаршатпа нервiнi
Әйтпесе, әйтпесе көзiңдi көкшитiп бiр күнi
Тоқал ап келем!
— Өйдөйт деген!
Осылай отырып төң-терiс
Балалау, ебелек ашулар тай мiнiп,
Жасамақ болғанда төңкерiс
Қызықтың көкесi мiне осы
Самауыр ызыңдап бiткенше шай шығып
Әлгi бiр ашу да ұмытылып
Кетедi бiр әңгiме жап-жайлы жол тегiс.

Күлсеңдер күліңдер кәріге
Ұмытып, сала алмай нені...еске
— Не жайлы айтып ек әлгіде?
— Тоқал жайында емес пе!
Қайтадан кетеді жел **тұрып**,
Ә!, Ия! — құнжыңдап шал қунақ.
Айтуын айтса да кемпірі
Бұл да **бұрқылдап** басылар сәл тулап.

Ерсілеу **қылықтан** сақтап іш,
Елім **деп, жүретін** ойланып,
Түпкі сөз — пәтуә байланып
Түп қазық, ақ туың сияқты
Қарияң болғаны мақтаныш!

Көп мақтап, жастықты **есіртпен**
Әр **уақта** қызығың — өз бағың!

Белі де шықпай-ақ бесіктен
Аз ба еді? сал бөксе шал болған боздағың?
Үнатам жастарды қайрауды
Ыстық та, суық та аштық та көрмеген.
Ал, мына аягы байлаулы,
 күні **ертең** қайда аулы
Қарттардың жөні бөлек қой...

Не қиын жылдарды өткеріп...
 Әйтеуір өлмеген.
 Ауылда қарияң болғаны ғанибет.
 Өмірдің мизамы сияқты
 Күні ауып көлбеген.
 Әлгінде ренжісе **шуақты** шақ туар
 Ат дорба алынып,
 Көңілі жай, шал **тұрар** ат **құмар**
 Мейірімге малынып.
 Онан **соң** күйбеңдеп шығады малына
 Кемпірі сүйсініп шалына.
 Екеуі тәп-тәуір, тәп-тәуір тағы да
 Айтқызбай ұғынып қас-қабақтарынан
 Жүреді **жұптасып**,
Құмыр көгершіндердей
 Күбірлеп, **құптасып...**

Жеңіс! Жеңіс! Жеңіс! — деп,
Тойға келіңіздер, шеруге.
Сол кезде туған Жеңісбек
Бұл күнде елуде.
Бүк түсіп, ауырма, дүрмекке ер!
Төр сізге, төсеулі **кілемдер**.
Бөлейді құрметке өзіңді **ел**!
Дертіңе төзім бер,
Жолыңа шашылған даланың **гүлі** емдер.
Келіңіз, қария жасамыс, аты аңыз,

Күтеді төр сізді.
Құшақтап кеудеге басамыз,
Қолсызды.
Өшпейді сол әлгі елестер
Жүректі сыздатқан.
Қалғаны шөкім шал емес пе?
Аспайтын бір-екі взводтан.
Жолда гүл, кілемдер төселген
Қоштасқан сәт те есте торыққан.
Аттанып кеткенде осы елден
Құралған айбынды полктан.
Көңілі әрі мұң, әрі **нұр** шуақты
Осынау шалдарың тәбәрік сияқты.
Бұл сәттер **тарихқа** кетеді
Жадыға тоқып ал, інішек.
Айтуға бүгін тіл жетпейді жарықтық
Көңілдер қобыздан аумайды қыл ішек.
Бір қылы қуаныш,
Бір **қылы мұң** қайғы,
Айтқаны жұбаныш,
Өкініш тыңдайды.
Тек **қана жүрекпен** езіліп.
Жан гана ұққандай мұндайды.
Дәл бүгін бәсеңдеу **салғандай құс** та үнін
Тыңдасын **дей, ме** екен
Өркім өз ішкі үнін.
Шаттығың -- **Жеңістің** көктемі!
Гүл десте салюттер от демі.
Қайғысы жаныңды мұздатқан
Анасы айрылып **боздақтан**
Жылаумен, жылаумен таусылып
Өмірден арманда кеткені.
Қуаныш, **жұбаныш**, қанагат
Естіртпе, **тәңірім**, жаманат.
Өткен жылдарға салауат,
Болсыншы ататын **таң** абат.